

**Е.ӘУЕЛБЕКОВ АТЫНДАҒЫ №4 ОБЛЫСТЫҚ  
МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ-ИНТЕРНАТЫ**



**2023-2024 оқу жылына  
арналған кешенді жұмыс  
жоспары**

**Қызылорда қаласы**

**ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ  
«Е.ӘУЕЛБЕКОВ АТЫНДАҒЫ №4 ОБЛЫСТЫҚ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН  
МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ-ИНТЕРНАТЫ» КОММУНАЛДЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**



**«МҰҒАЛІМНІҢ ПӘНДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ШЫҢДАУ АРҚЫЛЫ  
ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ МЕН ДАРЫНДЫЛЫҒЫНДАМЫТУ»  
ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ КЕШЕНДІ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

*Педагогикалық кеңесте бекітілді.  
Хаттама №1 «31» тамыз 2023 ж.*

2023-2024 оқу жылы

## 2023-2024 оқу жылына арналған кешенді

### жұмыс жоспар мазмұны

<b>КІРІСПЕ</b>		
1	2022-2023 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмыстарының есебі	1-13
2	2023-2024 оқу жылындағы мақсаттар мен міндеттер	14
3	2023-2024 оқу жылында оқу-тәрбие үдерісінде басшылыққа алынатын мөлшерлік-нұсқаулық құжаттар тізбесі	15-19
<b>I БӨЛІМ.БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ ҚЫЗМЕТІ</b>		
1.1	Білім беру қызметі	20-22
1.2	Ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету	23-25
1.3	Қосымша білім беруді қамтамасыз ету	26-33
1.4	Тәрбие қызметі	34-45
1.5	Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу	46-49
1.1.2	Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту	50-51
1.1.3	Кітапхана қызметі	52-53
1.4.2	Білім алушылардың ата-аналарымен жұмыс	54
1.4.3	Жалпымектептік жіне сыныптық ата-аналар жиналыстарының тақырыптары	55
<b>1.3.ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС</b>		
1.3.1	Директор жанындағы кеңес	56-59
1.3.2	Педагогикалық кеңестер	60
1.3.3	Әдістемелік кеңестер	61
1.3.4	Шығармашылықпен айналысатын мұғалімдердің жұмыстарын жинақтау,тарату	62-65
1.3.5	Пән апталықтары	66
<b>II БӨЛІМ.ӘКІМШІЛІК ЖӘНЕ БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ</b>		
2.1	Мектепшілік бақылау жоспары	67-76

## 2.2. КАДРЛАРМЕН ЖҰМЫС

2.2.1	Педагог қызметкерлерді аттестаттау	77
<b>ІІІ БӨЛІМ.ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК</b>		
<b>3.1.МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗАНЫ САТЫП АЛУ ЖӘНЕ ҰСТАУ</b>		
3.1.1	Ұйымдастыру іс-шаралары	78
3.1.2	Санитарлық нормалар мен гигиеналық нормативтерді орындау жөніндегі іс-шаралар	79
3.1.3	Материалдық-техникалық базаны жарамды күйде ұстау жөніндегі іс-шаралар	80-86
<b>3.2.ҚАУІПСІЗДІК</b>		
3.2.1	Терроризмге қарсы қорғалу	87-88
3.2.2	Өрт қауіпсіздігі	89
3.2.3	Медициналық қызмет	90-95

**1. Е. ӘУЕЛБЕКОВ АТЫНДАҒЫ №4 ОБЛЫСТЫҚ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН  
МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ-ИНТЕРНАТЫНЫҢ  
2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ОҚУ-ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЕСЕБІ**

2022-2023 оқу жылында мектеп-лицей-интернаты «Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін шыңдау арқылы оқушылардың функционалды сауаттылықтарын арттыру, білімді, еңбекқор, отаншыл, зияткер тұлға тәрбиелеу» тақырыбында жұмыс жоспарын дайындап, арнайы мектепшілік модель құрастырып жұмыс жүргізді.

**Негізгі миссиясы:** сыни ойлауға қабілетті, жауапкершілікті, бастамашыл, құзыретті тұлға тәрбиелеу

2022-2023 оқу жылының басында қозғалыс есебі бойынша 251 оқушы болды. **Сынып жинағы – 11 сынып.** Оқу жылын соңында **241 оқушы** аяқтады. 7-сынып – 2 (50 оқушы), 8-сынып – 2 (48 оқушы), 9-сынып – 3 (66 оқушы), 10-сынып – 2 (34 оқушы), 11-

сынып – 2 (43 оқушы), барлығы 11 сыныпқа топтастырылған.

2022-2023 оқу жылының білім сапасы төмендегідей көрсеткіштер көрсетті:

**7-сыныптар:** оқушы саны – 50, оның ішінде үздіктер – 24, екпінді оқушылар – 26, білім сапасы – 100%, оқу үлгерімі 100%;

**8-сыныптар:** оқушы саны – 48, оның ішінде үздіктер – 20, екпінді оқушылар – 28, білім сапасы – 100%, оқу үлгерімі 100%;

**9-сыныптар:** оқушы саны – 66, оның ішінде үздіктер – 32, екпінді оқушылар – 34, білім сапасы – 100%, оқу үлгерімі 100%;

**10-сыныптар:** оқушы саны – 34, оның ішінде үздіктер – 19, екпінді оқушылар – 15, білім сапасы – 100%, оқу үлгерімі 100%;

**11-сыныптар:** оқушы саны – 43, оның ішінде үздіктер – 19, екпінді оқушылар – 24, білім сапасы – 100%, оқу үлгерімі 100%;

2022-2023 оқу жылында білім сапасы мектеп-интернат бойынша 100%, оқу үлгерімі – 100% құрады.

2022-2023 оқу жылында «Алтын белгі» иегерлері – 9, жалпы орта білім туралы «Үздік аттестат» – 8, негізгі орта білім туралы «Үздік аттестат» – 30 оқушы.

Мектеп түлегі Аманжолова Жанель 2022-2023 оқу жылында Халықаралық FLEX бағдарламасы негізінде Американың Нью Йорк штатының Бартон қаласында оқып білім алды. Мемлекеттік емтиханды үздік тапсырып «Алтын белгі» иегері атанды.

**ҰБТ нәтижесі – 108 балл** болды. Мектеп бітіруші 43 оқушының 43-і мемлекеттік грант иегерлері атанды (100 пайыз).

Мектеп –лицей- интернат оқу жоспарындағы вариативті компонент бөлігінен элективті курстар, факультатив сабақтар, оқушының шығармашылық және зерттеушілік әлеуетін көтеру мақсатында 211 сағат бөлініп, мұғалімдер дайындаған үлгілік оқу бағдарламалар негізінде жұмыстар жүргізілді. Нәтижесінде мектеп-лицей-

интернат тәрбиеленушілерінің өмірлік құндылықтары қалыптасып, өмірге бейімделуі және іздену-зерттеушілік қызметі артты, шығармашылық белсенділіктері қалыптасты.

Оқушыларға кәсіптік бағдар беру жұмыстары негізгі үш бағыт бойынша *ақпараттық бағыт, консультациялық –диагностикалық бағыт, дамытушылық бағытта* жоспарланып жүргізілді. Мектеп-лицей–интернат психологымен бірлесе отырып, оқушылардың бейімділігін, қызығушылығын диагностикалау картасы жасалды.

2022-2023 оқу жылы бойынша түрлі форматтағы байқауларға 300 –ге жуық оқушы қатысып, оның 230-ы жеңімпаз атанды. Сыныптар бойынша:

7–сынып бойынша 50 оқушының 37-сі түрлі сайыстарға қатысып, оның 26 оқушы жүлдегер атанса, 8-сынып бойынша 48 оқушының 38-і түрлі сайыстарға қатысып, олардың 20-ы жеңімпаз атанған. 9-сынып бойынша 66 оқушы, олар 78 сайыс түріне қатысып, 33 оқушы жеңімпаз атанса, 10-сыныптағы 34 оқушының 72-сі түрлі байқауларға қатысып, 38 оқушы жеңімпаз атанды. 11- сынып бойынша 48 оқушының 63 оқушысы қатысып, 26-сы жеңімпаз атанды.

Президенттік олимпиаданың аймақтық кезеңінде 12 оқушы жеңімпаз атанды. Республикалық пәндік олимпиаданың облыстық кезеңіне 51 оқушы қатысып, 16 оқушы үздік нәтиже көрсетіп, нәтижесінде 2 оқушымыз тарих пәнінен күміс медальға ие болды.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жоба жарысының облыстық кезеңіне 20 оқушы қатысып, 15 оқушы жеңімпаз атанып, республикалық кезеңнен 2 оқушымыз грамота иеленді.

Қазақстан білім олимпиадасына 15 оқушы қатысып, 4 оқушы қола медаль иеленді.

«Зерде» республикалық конкурсының облыстық кезеңіне 12 оқушы қатысып, 11 оқушы жүлдегер атанды. Республикалық кезеңге 4 оқушы жолдама алып, 2 оқушы I орын, 2 оқушы III орын иеленді.

Түрлі ғылыми жоба жарыстары бойынша облыстық кезең нәтижесінде 12 оқушы жүлдегер атанды. Республикалық кезең бойынша 4 оқушы жүлдегер атанды.

Болашаққа бағдар: «Рухани жаңғыру» аясында өткізілетін іс-шараларға 64 оқушы қатысып, 21 оқушы жүлдегер атанды. Шығармашылық байқаулар бойынша ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуде дарынды шәкіртіміз күміс медальмен және арнайы сыйлықтармен марапатталды.

Мектепте МИНИ-КАМППТАР өз жұмыстарын бастап кеткен. мектепшілік кіші олимпиадалық командалардың үздік дайындығы нәтижесінде юниорлық олимпиададан 1 күміс медаль мен 1 қола медаль иеленді.

Әскери-спорттық ойындары бойынша облыстық кезеңге 24 оқушы қатысып, барлығы жеңімпаз атанды. Республикалық кезең бойынша 7 оқушы «Алғыс хат» иеленді.

**Мектеп-лицей интернаттағы тәрбие жұмысын ұйымдастыруда төмендегідей тәрбие басымдықтары негізге алынды:**

- Құндылыққа бағытталған тәрбие
- Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;
- Рухани-танымдықтәрбие;
- Ұлттық тәрбие;
- Отбасылық тәрбие;
- Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
- Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;
- Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбие;
- Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Жылдық жоспар аталған басымдықтардың негізінде жасалынған. Тәрбие саласында қызмет жасаушы қызметкерлердің құрылымы, Құндылыққа бағытталған тәрбие жұмысының жоспары жасалынып, айқын жұмыстар мен жұмысты ұйымдастырушылар ерекшеленген. Мектеп-лицей-интернатта «Құндылыққа негізделген мектеп» жобасы жүзеге асырылады. «Ата-ана-оқушы-мектеп» үштік одағы өзара ынтымақтастықта құндылықтарды насихаттауға бағытталған жұмыстарды бірлесіп жүргізді. Аналардан құрылған «Аналар академиясы», «Асыл әжелер» клубы, отбасының тірегі әкелер мен аталардан құрылған «Әкелер кеңесі», қамқоршылық кеңесі педагогикалық ұжымға сенімді серіктес болып, жүйелі жұмыс жасады. Оқушылардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп жасынан бастап қалыптастыру мақсатында құрылған облыстық «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубтарының штабы орналасқан, онда облыс бойынша мектептерде атқарылған жұмыстар жинқталған. «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару арқылы оқушылар лицей өміріне, лицейдің ішкі жұмыстарына, лицейшілік оқу және тәрбие үдерістеріне әсер ете отырып, шешім қабылдауға ықпал етеді. Тәрбие сағаттарының берілуі, сынып жиналыстарының өткізілуі, сыныптан тыс жұмыстардың жүргізілуі жоспарға сәйкес жүргізілген. Діни экстремизмге қарсы іс-қимылды қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар, білім беру ұйымдарындағы наркологиялық бекеттер туралы ережені бекіту туралы Заңның орындалуына байланысты іс-шаралар, құқықтық тәрбие беру мақсатында жүргізілген жұмыстар, Мемлекеттік Рәміздерді насихаттау бағытында жүргізілетін іс – шаралар, террористік қорғау және экстремизм идеяларын қабылдамауды қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңдылығының орындалуына жұмыстар, «Нәтижеге бағытталған Үштік одақ» атты ата-аналар мектебінің жұмысы және ұлттық мерекелерді атап өтуге байланысты іс-шаралар жүргізілген. Тәрбиешілердің

жылдық, айлық жоспарларына сәйкес тәрбие сағаттары , сынып жиналыстары , сыныптан тыс жұмыстары мерзімінде жүргізілген. Айына 3 рет тәрбие сағаты, 1 сынып жиналысы жоспарға сәйкес өткізілген. Тәрбие сағаттары тәрбиеленушілердің жас ерекшелігіне сәйкес «Шаңырақ» оқушылар қауымдастығының әлеуметтік жобаларының сыныптарға бөлінуі бойынша және құндылыққа негізделген тәрбие беру жобасы бойынша жүргізілген. Жүргізілген жұмыстар жүйелі түрде әлеуметтік желілерде жарияланып тұрады.

#### **«Жауапкершілік» айының жоспарына сәйкес:**

1 қыркүйек күні 7-11-сыныптар аралығында «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиеттер» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өткізілді. ҚР мемлекеттік рәміздерінің 30 жылдығы қарсаңында 10-сыныптар аралығында «Мен өз туымды мақтан етемін!» тақырыбында бейнеролик түсірілді..

Тілдер күніне арналған «Тілдер күні – бірлігіміздің жарқын көрінісі» атты іс-шара ұйымдастырылды.«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмысын ұйымдастыруда 7-11- сыныптар аралығында тәрбие сағаттары өткізілді.«Ертеңінді ойласаң – есірткіге жолама» тақырыбында 10-11 сыныптар аралығында эссе жазылды. Мақсаты: Оқушыларды зиянды әдеттерден бойларын аулақ ұстауға, нашакорлықтан сақтануға тәрбиелеу.

#### **«Құрмет» айының жоспарына сәйкес:**

1 қазан- қарттар күніне орай «Қарты бар елдің қазынасы бар» атты Қызылорда облыстық «Қарттар үйіне» мерекелік концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. 27 қазан күні «Ата-ана жұмысындағы 1 күн» жобасы аясында ата-аналар жұмысына саяхат жасады. 7-10 сыныптар арасында «Ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғалар» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. 7-10- сыныптар арасында «Мейірімі жылытқан жүректерді...» атты қарттар күніне орай лицей оқушыларының ата-әжелерін құттықтау мақсатында мерекелік видео түсірді. 11- сыныптар арасында «Мамандық таңдау – басты бағыт!» тақырыбында кәсіптік бағдар беру сағаты ұйымдастырылды. Тәрбиеші оқушылармен «Біз де» ойыны қызықты өткізілді. 7-10 сыныптар арасында «Кибер қауіпсіздік басты назарда» сынып сағаттары өткізілді.

#### **«Әділдік» айының жоспарына сәйкес:**

2 қараша күні «Құндылықтар негізінде білім беру – басты мәселе» тақырыбында тәрбие кеңесінің отырысы өтті. 7 – 10 - сынып тәрбиешілері «Мүмкіндігі шектеулі табысты адамдар» туралы таныстырылым жасалды. «Қоғамға қызмет» жобасы аясында 8 қараша күні «Адамға қуаныш сыйла»



тақырыбында қайырымдылық акциясы өткізілді.«100 жаңа есім жобасы» аясында 12 қараша күні «Тұғыры биік тұлғалар» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.Оқушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында «Адалдық сағаты» өткізілді.

#### **«Патриотизм» айының жоспарына сәйкес:**

«1 – желтоқсан Дүние жүзілік СПИД – ке қарсы күніне» байланысты мектеп дәрігері мен медбикесінің қатысуымен «ЖИТС – қауіпті дерт» атты тақырыпта түсіндірме жұмыстары жүргізілді. «Елбасы салған сара жол» Н.Ә.Назарбаевтың өмірі мен қызметіне байланысты зияткерлік сайыс өткізілді. Ұлы жазушы М.Әуезовтің туғанына 125 жыл толуына орай «Ұлтының ұлы Әуезові» атты әдеби кеш ұйымдастырды. 16 – желтоқсан – Тәуелсіздік күніне орай 7 – 11 сыныптар арасында «Тәуелсіздік – ғажап – құт, айналайын азаттық!» тәрбие сағаттары өткізілді. Тәрбие сағаттардың мақсаты бойынша«Тәуелсіздік» ұғымының терең мағынасын түсініп, елжандылық көзқарастарын қалыптастырды.Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілікті сезінді. Жеке, жұптық, топтық жұмыс барысында өзара сыйластықты, жауапкершілікті сезінуді, сыни ойлауды үйренді.

#### **«Денсаулық» айының жоспарына сәйкес:**

Тәрбиеші Ә.Қожахметова қаңтар айының 10-ы күні «Қоқыссыз әлем» тақырыбында 8 - сыныпқа танымдық сабақ өткізді. А.Серікбай қаңтар айының 10-ы күні «Қоқыссыз әлем» тақырыбында 7 – сыныпқа танымдық сабақ өткізді. «Қоқыссыз әлем» тақырыбында 10- сыныптар арасында дәріс сабағын өткізген. Сабақтың мақсаты: Табиғаттың тозуы-экологиялық дағдарыс екенін түсіндіру. Дене шынықтыру пән мұғалімі Ж.Сақтағанов қаңтар айының 10-ы күні «Шахмат –ақыл-ой спорты» тақырыбында 7-8- сыныптар арасында шахмат ойнау челленджін өткізді.

#### **«Адалдық» айының жоспарына сәйкес:**

9 ақпан күні 11-сынып тәрбиешілері Б.Абдикасова мен Г.Омарова «Елімнің болашағы – менің қолымда» - тақырыбында тренинг сағатын өткізді. 7-9-сынып оқушылары арасында 7 ақпан күні «Лицей – интернат көшбасшысы –2023» тақырыбында зияткерлік сайыс сабақ өткізілді. 25 ақпан күні «Адастырушы діни ағымдар» тақырыбында дін басқармасының өкілдерімен кездесу ұйымдастырды.

#### **«Алғыс» айының жоспарына сәйкес:**

1 наурыз «Алғыс айту» мерекесіне орай мектеп-лицей-интернат қызметкерлері мен оқушыларына арнайы тосын сый жасалынды. Сонымен қатар, түрлі форматта атап айтқанда челлендж, плакаттар, құпия хат, кофе-брейк жұмыстары ұйымдастырылып, оқушылар өз алғыстарын білдірді.

### **«Кішіпейілділік» айының жоспарына сәйкес:**

14 сәуір күні «Құқықтық сана –қауымға пана» тақырыбында құқықтық түсіндірме сағаты өткізілді. «Отбасы тәрбиесі» жобасы аясында 11– сыныптар арасында «Табиғатым -тал бесігім» тақырыбында ауланы көгалдандыру шарасы жүргізілді. «Қазақтың ұлттық тағамдарының ерекшеліктері» тақырыбында таныстырылым сағаты өткізілді.«Рухани –адамгершілік тәрбие» жобасы аясында 9-10 сыныптар аралығында 24 сәуір күні «Әкем үйреткен...» тақырыбында челлендж өткізілді. «Дене тәрбиесі және салауатты өмір салты» жобасы аясында 8-9 сыныптар арасында «Таза қала» акциясы «Жасыл ел-жасыл қала» тақырыбында оқушылармен ауланы көгалдандыру жұмыстары жүргізілді.

### **«Ынтымақтастық» айының жоспарына сәйкес:**

Ұлы Отан соғысының 78 жылдық мерекесіне байланысты «Ұлы Жеңіс жаңғырығы» тақырыбында апталық іс-шаралар өткізілді. Атап айтсақ: 7 «а» - сыныбында «Ардагерлерді ардақтайық!» тақырыбында челлендж ұйымдастырылды. 4 мамыр күні 8 «а» - сыныбында «Ерлік даңқы ешқашан өшпейді» тақырыбында мұражайға саяхат жасады. 5 мамыр күні 7 «ә» - сыныбында «Ұлы жеңіс жаңғырығы» тақырыбында танымдық сабақ, 9 «ә» - сыныбында «Ұлы жеңіс жаңғырығы» тақырыбында танымдық сабақ, 10 – сыныптар арасында «Ұлы жеңіс жаңғырығы» тақырыбында пікіралысу сабағы, 9 «а» - сыныбында «Ұлы жеңіс жаңғырығы» тақырыбында топтық сайыс, 9 «б» - сыныбында «Желбіре, Жеңіс жалауы!» тақырыбында танымдық сабақ жүргізілді.

Әлеуметтік педагог жұмысының негізгі мақсаты – оқушылардың дамуын, тәрбиесін, білім алуын әлеуметтік тұрғыдан қорғау. Осы мақсатты басшылыққа алып 2022-2023 оқу жылында мектеп-интернатының әлеуметтік педагогі мына бағыттар бойынша жұмыс жасады:

**1-бағыт** – Балалар мен отбасының мүшелеріне психодиагностикалық, психокоррекциялық қызмет әдістері негізде жұмыс жүргізу

**2-бағыт** – Отбасы мен балаларға нақты әлеуметтік-педагогикалық көмек формаларын ұсыну

**3-бағыт** – Бала тұлғасы дамуының бұзылуы себептерін анықтап, алдын-ала сақтандыру шараларын, үгіт-насихат жұмыстарын ұйымдастыру;

Оқушының психологиялық-медициналық-педагогикалық жағдайының ерекшелігін, микро ортасын, өмір сүру жағдайын, өмірге қызығушылықтарын, жеке әлеуметтік жағдайларын зерттеу, анықтау және оқушының тәртібіндегі кездесетін қиыншылықтарын қадағалай отырып, өз уақытысында әлеуметтік көмек көрсету, мүддесін қолдау, құқығын қорғау мақсатында мектеп-лицей-интернатында әлеуметтік педагогикалық жұмыс жүргізілді. Мектеп-лицей-интернатында 2022-2023 оқу жылында 248 бала білім алды. Қыркүйек айының алғашқы апталарында жаңадан қабылданған және оқып жүрген оқушылардың әлеуметтік жағдайларын зерттеу жұмыстары жүргізілді:

- Мектеп-интернатының әлеуметтік картасын жасау;
- Мектеп-интернат оқушыларының әлеуметтік картасын жасау;
- Сыныпқа әлеуметтік карта жасау;
- Тұл жетім, толық емес отбасынан оқушыны анықтау;
- Көп балалы отбасынан келген оқушыны анықтау;
- Аз қамтамасыз етілген отбасынан келген оқушыны анықтау

2022-2023 оқу жылында атаулы әлеуметтік көмек алатын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күн көріс деңгейінің шамасынан төмен отбасыларынан шыққан білім алушыларға және басқа да әлеуметтік санаттағы білім алушыларға қаржылай көмек көрсетуді комиссия жиналысында комиссия мүшелерімен ортақ шешімге келіп, атаулы әлеуметтік көмек алатын 7 оқушыға "Жалпыға міндетті білім беру қорының" есебінен мемлекет тарапынан қаржылай көмек көрсетілді. Сонымен қатар атаулы әлеуметтік көмек алатын 8 оқушы мектеп асханасынан ақысыз түрде бес мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етілді.

Мектеп-лицей-интернатының әлеуметтік картасы:

*Толық отбасы саны- 214*

*Толық емес отбасы-27, оның ішінде:*

*А) ажырасқан отбасы-17*

*Б) Некесіз, Форма- 4- 2*

*В) жартылай жетім-8 (анасы жоқ балалар-2, әкесі жоқ балалар-6)*

*Көп балалы отбасы-134*

*Аз қамтамасыз етілген отбасы-8*

*Ата-аналарының білімі: (455 ата-ана саны)*

*Жоғары, жоғары білімнен кейінгі-290;*

*Техникалық және кәсіптік-95; Орта-70.*

## **Психологиялық қызметтің мақсаты:**

Орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

**Жоғарыда аталған мақсат пен міндеттерге сүйене отырып, психологиялық қызметтің төменде көрсетілген бағыттары бойынша жұмыстар жүргізілді:**

- I. Психодиагностика
- II. Түзету-дамыту бағыты
- III. Кеңес беру
- IV. Профилактикалық - ағартушылық бағыт
- V. Әлеуметтік-диспетчерлік бағыты.

### **I. Психодиагностика бағыты бойынша**

Оқушының мектепке психологиялық дайындығын зерттеу мақсатында 7-8-сынып оқушыларынан әдістеме: (Лусканова) бойынша, оқушылардың мінез-құлық типін анықтау үшін 7-11-сынып оқушыларынан «Айзенк тесті», Психологиялық сүйемелдеу тобына жататын оқушыларды анықтау үшін 7-11-сынып оқушыларынан арнайы платформа арқылы сауалнама жүргізіліп, тәуекел топқа оқушы тіркелмеді, ішкі бақылауға 11 оқушы алынды. Қарым-қатынас деңгейін анықтау мақсатында 7-8-сынып оқушыларынан «Социометрия» әдістемесі, қабілеті жоғары оқушылардың базасын жасау үшін дарындылық картасы (А. И. Савенков) бойынша және оқушыларға кәсіптік бағдар беру барысында 9-11-сынып оқушыларынан сауалнама жүргізілді (С.П.Йовайши). Э.Ховард бойынша стресске төзімділік деңгейін анықтау мақсатында 11-сынып оқушыларынан тест алынды. Қосымша діни экстремизмнің алдын алу, нашақорлықтың, түрлі қылмыстың алдын-алу мақсатында тест, сауалнамалар алынды.

### **II. Түзету-дамыту бағыты бойынша**

7-8-сынып оқушыларымен психологиялық бейімдеу сабақтары «Мен және менің ортам» тренингі, 11-сынып оқушыларымен ҰБТ-ға байланысты психологиялық тренингтер «Біз ҰБТ-ға сеніммен барамыз!», «Үміт, сенім бізді алға жетелейді», «Бәрімізде мақсат бір!», «Күйзелістен қалай құтылуға болады?», «Емтихан кезіндегі стресстен қалай арыламыз!», ҰБТ-ға психологиялық бейімдеу сабақтары жүргізілді. 9-10 сынып оқушыларымен топтық жұмыс, тренингтер «Ашу-ызаны қалай жеңемін?», «Жетістікке жету өз қолыңда», «Менің қолымнан бәрі келеді», «Эмоциямды басқара білемін бе?»

т.б тақырыптарында түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. 7-8-сынып оқушыларына спорттық-психологиялық ойын: «Дені саудың-жаны сау», үрлеу немесе түтікше арқылы сурет салу, «Мен өзімді мақтан етемін», «Көңілді-күй», «Армандар картасы», «Жетістік жолы», «Қарым-қатынастағы – мен!» т.б тақырыптарда жүргізілді. Қосымша куратор және тәрбиешілермен бірлескен түрде 7 тренинг жүргізілді.

Ата-аналармен « Баланың бас ұстазы ата-ана!», «Бала-ата-ана тәрбиесінің айнасы» тақырыбында тренингтер жүргізілді. Оқушылар мен мұғалім, мектеп пен ата-ананың қарым-қатынасын жақсарту, нығайту мақсатында «Қызық times», «Отбасы бақыты» атты топтық сайыстар өткізілді.

### **III. Кеңес беру**

Сауалнама нәтижесі бойынша 11 оқушы өз еркімен сабақ, отбасы, мамандық мәселелері бойынша кеңес алды. Кеңестер өз деңгейінде нәтиже беріп, оқушылар мен ата-аналар алғыс білдірді.

### **IV. Профилактикалық - ағартушылық бағыт**

Сынып кураторларымен бірлесе отырып ата – аналарға семинар, оқушыларға дәрістер өткізілді. Қосымша эссе, дөңгелек үстелдер, тренингтер ұйымдастырылды.

### **V. Әлеуметтік-диспетчерлік бағыты бойынша**

«Кибербуллинг» және «Телефонға тәуелділік» тақырыбында «Бала құқығы, зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында кездесулер, "Спид-ғасыр дерті" арнайы мамандармен бірлескен түрде баяндама, бойжеткен мен бозбала шақтағы психологиялық-физиологиялық өзгерістер және жеке гигиена қағидалары тақырыбында семинар және мамандармен кездесулер ұйымдастырылды.

Жалпы саны психодиагностика бағыты бойынша 10, түзету-дамыту бағыты бойынша 29, әлеуметтік-диспетчерлік 10 және ағартушылық 6, кеңес беру бойынша 15 психологиялық жұмыс жүргізілді. 2022-2023 оқу жылында жалпы саны 70 психологиялық жұмыс жүргізілді.

Мектеп-интернатымызда 2022-2023 оқу жылы бойынша 10 сыныптан тыс ақысыз негізде үйірме жұмыстары ұйымдастырылды. Үйірме жұмыстарының негізгі мақсаты: оқушылардың өмірлік құндылықтарын қалыптастыра отырып, өмірге бейімделуін және іздену-зерттеушілік қызметін ұйымдастыру, шығармашылық белсенділігін көтермелеу. Дара тұлғаны дамыту үшін жағдайлар жасау. Ақысыз негіздегі үйірме жұмыстары спорттық және әскери,

тілдік, шығармашылық, өнер, ақыл-ой, ғылыми-техникалық және экологиялық бағыттарды қамтыды. Үйірме жұмыстарымен қамтылу бойынша мектеп-интернатымыздың 241 оқушысы қатысып, мектеп-интернат тәрбиеленушілерінің 100% қамтылды.

Кітапхана-оқушылардың сапалы білімінің кепілі. Кітапхана-кітап арқылы жеке адамның жан-жақты білім алуымен қатар патриоттық рухта тәрбиеленуіне, саяси санасының қалыптасуына, ғылыми, кәсіби, мәдени дәрежесінің дамуына әсер ететін бірден-бір әлеуметтік орын. Кітап мұхитында бағыт табуға, рухани тәрбие мен патриоттық тәрбиеден өмірлік азық алуға көмектесетін кітапхана мен кітапханашы. Жас ұрпақтың бойында патриоттық, отансүйгіштік, адамгершілік, әділдік бауырмалдық қасиеттерді қалыптастыруда кітапхананың маңызы орасан зор.

2022-2023 оқу жылындағы жалпы кітап қоры- 19771 дана. Қазақ тіліндегі оқулықтар - 19272, оқулықтар - 14955, көркем әдебиет - 4804, ағылшын тіліндегі оқулықтар – 503, оқу-әдістемелік кешендер – 291, электронды оқулықтар - 114, оқырмандар саны - 430, кітап берілім саны - 15873, келіп кетушілер саны - 6843

2022-2023 оқу жылындағы атқарылған жұмыстарға тоқтала кетсек. Мектеп қызметкерлері мен оқушылар арасында түрлі шаралар ұйымдастырылды.

- Ыбырай Алтынсариннің еңбек, білім туралы өлеңдерін мәнерлеп оқу;
- «Жақсы кітап – жан азығы» - танымдық сағат - челлендж «1001 мақал, 101 - сайыс-жұмбақ»;
- А.Байтұрсынұлының 150 жыл толуына орай «Ұлт ұстазы» тақырыбындағы челлендж;
- Ә.Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» оқырмандар конференциясы «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы;
- «Тілім барда қазағым бар, халқым бар» көрме;
- «Кітапқа құмар құрдастар» оқырман бенефисі;
- «Бабалар үні»;
- «Алаш зиялыларының мұрасы» мәнерлеп оқу;
- Б.Соқпақбаев «Менің атым Қожа» танымдық сабақ;
- Б.Момышұлы «Ұшқан ұя» 20 минуттық кітап оқу;
- Темірбек Жүргенов 125 жыл толуына орай виртуалды кітап көрмесі;
- «Ел бірлігі – ең асыл қасиет» кітап көрмесі;
- «Ұлы ерлік-ұрпаққа үлгі!»;
- Бұдан бөлек кітапханада түрлі деңгейде іс-шаралар өткізіліп, әлеуметтік желілерде жарияланып отырды.

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық академияның нұсқаулық хатына сәйкес мектеп – интернатымызда 20 минуттық оқуды ұйымдастыру барысында

«Оқырмандар алаңы» ашылды. Осы залда педагог қызметкерлер мен оқушылар арасында «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы және «Өзің оқы және өзгеге ұсын» акциялары болып өтті. Аталған акция барысында кітапханамыздың кітап қоры педагог қызметкерлерден 48 дана, оқушылардан 77 дана көркем әдебиет шығармалармен толықты.

Облыстық білім басқармасынан оқу жылының аяғында сұраныс бойынша кітапхана қоры 100-ден аса көркем әдебиетпен толықты. Айта кететін болсақ, 2021-2022 оқу жылында мектеп-лицей-интернат кітапханасында «Қазына library» электронды базасы жасақталып, бүгінгі күнге 1000-нан аса оқулық пен көркем шығармалар енді. Бұл электронды базада кітапханаға қатысты барлық модульдермен жұмыс жасауға болады, қазіргі таңда да кітапхана қоры енгізілуде.

Кітапхана оқырман үшін үлкен тәрбие мектебі, сансыз сұрақтардың жауабын табуға болатын сиқырлы да киелі орда. Кітап – уақыт пен кеңістіктің тынысына толы адамзат ойының жемісі, қоғамның мәдени күштерін дамытудың қуатты құралы, қайнар бұлағы.

## Педагог кадр әлеуеті

Мектеп-интернатта 55 мұғалім жұмыс жасайды. Оның ішінде: педагог-шебер – 3 (5,4%), педагог-зерттеуші – 14 (25,4%), педагог-сарапшы – 16 (29%), педагог-модератор – 7 (12,7%), жоғары санатты – 1 (1,8%), 1 санатты-1 (1,8%), санаты жоқ мұғалім үлесі – 13 (23,6%) құрады. Магистрлер саны – 13(23,6%)

2022-2023 оқу жылында 37 пән мұғалімі біліктілік курстарынан өтті. Оның ішінде, ҚР Білім және ғылым министрлігінің ұйымдастыруымен өткізілкен курстан – 2, «Өрлеу» БАҰО – 10, «Педагогикалық шеберлік орталығы» – 8 мұғалім біліктіліктерін арттырды.

2022-2023 оқу жылында мұғалімдер түрлі кәсіби байқауларға қатысты. Атап айтқанда, ІХ Халықаралық шығармашылық байқауында математика пәнінің мұғалімі, педагог-шебер Жиенбаев Шаймағанбет Байдүйсенұлы ІІ орын және физика пәнінің мұғалімі, педагог-модератор Нұрмаханов Орынбек Данабекұлы І орын жеңімпазы, информатика пәнінің мұғалімі Абушеева Жұлдыз Аронқызы ІІІ орын иеленді. Биология пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы Масенов Миржан Құдайбергенұлы Республикалық «Дарынды балаға – талантты ұстаз» байқауында Алғыс хат, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші Нұрмаханова Күлзада Республикалық «Үздік педагог-2022» байқауының облыстық кезеңінің жеңімпазы атанып, Облыс әкімінің 300 АЕК мөлшеріндегі бір жолғы сыйақысын иеленді. Сонымен қатар, биология пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы Тынымбек Жазира Нұрланқызы, география пәнінің мұғалімі Паттеева Мақпал Есенәліқызы Республикалық «Үздік авторлық бағдарлама – 2022» байқауының облыстық кезеңінде І орын жеңімпаздары атанды. Жыл қорытындысы бойынша математика пәнінің мұғалімі, педагог-шебер Жиенбаев Шаймағанбет Байдүйсенұлы, физика пәнінің мұғалімі педагог-модератор Нұрмаханов Орынбек Данабекұлы, биология пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы Тынымбек Жазира «Жыл үздігі-2022» номинациясының иегері атанды.

2022-2023 оқу жылында мектеп-лицей-интернат мұғалімдері тынымсыз атқарған еңбектерінің нәтижесінде түрлі дәрежедегі марапаттарды иеленді. Алпысбаева Бибісара Искакқызы «Еңбек ардагері» медалімен, ҚР Оқу-ағарту министрінің «Құрмет грамотасымен»-1, «Құрмет дипломымен»-1, ҚР Оқу-ағарту министрінің «Алғыс хатымен» – 1, ҚР Оқу-ағарту министрінің «Құттықтауымен» - 3, РҒПО «Дарын» орталығы директорының «Құрмет грамотасымен»-5, Қызылорда облысы әкімінің «Алғыс хатымен» – 2, Қызылорда облысының білім басқармасы басшысының «Құрмет грамотасымен» – 5, «Алғыс хатымен» – 6, Қызылорда облыстық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымының «Құрмет грамотасымен» – 2, «Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығының «Алғыс хатымен» - 5, Педагогикалық шеберлік орталығының «Алғыс хатымен» - 5, Тасбөгет кенті



әкімінің «Алғыс хатымен» – 5, «Жастар ресурстық орталығы» директорының «Алғыс хатымен» – 5 педагог марапатталды.

Білікті де, білімді ұстаздарымыздың тынымсыз еңбектерінің нәтижесінде мектеп-лицей-интернатымыздың оқушылары Ұлттық Бірыңғай Тестілеуде жоғары ұпай жинап, мемлекеттік ЖОО-ның грантын жеңіп алу нәтижесі бойынша үздік көрсеткіштерге қол жеткізіп, республика бойынша алғашқы ондықтар қатарынан көрінді. Республика бойынша мектеп-лицей-интернатымыз «Үздік мамандандырылған білім беру ұйымы-2023» номинациясымен марапатталды.

**Е. ӘУЕЛБЕКОВ АТЫНДАҒЫ №4 ОБЛЫСТЫҚ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН  
МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ-ИНТЕРНАТЫНЫҢ 2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН  
ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

**Жұмыс тақырыбы:**

Мұғалімнің пәндік құзыреттілігін шыңдау арқылы оқушылардың шығармашылығы мен дарындылығын дамыту

**Мектеп миссиясы:** сыни ойлауға қабілетті, жауапкершілікті, бастамашыл, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіре білген білімді тұлға тәрбиелеу

**Мақсаты:**

1. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін ғылыми-әдістемелік тұрғыда талдау, бақылау, бағалау, көмек көрсету, әдістемелік бірлестіктердегі ғылыми әдістемелік жұмыстардың жандануына педагогикалық ықпал жасау;
2. Білім алушылардың функционалды сауаттылығын арттыру үшін оқытудың жаңа заманауи әдіс-тәсілдерін қолдану және білім алушылардың танымдық және жасампаздық қабілеттерінің дамуына жағдай жасау;
3. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі негізінде білім берудің заманауи сапасын арттыру (мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі туралы ақпараттық банк құру);
4. Білім беру үдерісіне мектеп әлеуеті өкілдерін жұмылдыра отырып, бақылау мен зерттеу жұмыстарының жаңашыл, заманауи түрлерін енгізу;
5. Оқу-тәрбие үдерісін жаңа технологиялармен байыту арқылы жаһандық бәсекеге қабілетті, білімді, зияткер тұлға қалыптастыру;
6. Оқушылардың логикалық шығармашылық әлеуетін, танымдық, зерттеушілік интеллектілерін қалыптастыру.

#### 4. 2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНДЕ БАСШЫЛЫҚҚА АЛЫНАТЫН МӨЛШЕРЛІК-НҰСҚАУЛЫҚ ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ

2023-2024 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңдарды және басқа да заңнама актілерін басшылыққа алуы және оқыту процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс:

1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 ж. №406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>);

2. «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен, ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. №365 бұйрығымен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029136>, 30.09.2022 ж. №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029916>);

3. «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029767>; ҚР Оқу-ағарту министрінің 21.11.2022 ж. № 467 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200030654>);

4. «Білімді ұлт» «Сапалы білім» Ұлттық жобасын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 Қаулысы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000726>);

5. «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы, ҚР Оқуағарту министрінің 13.04.2023 ж. №96 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300032306>);

6. «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР

Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.08.2022 ж. №376 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020708>);

7. «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029329>);

8.«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын есепке алғандағы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы №596 бұйрығы, ҚР Білім және ғылым министрінің 24.03.2022 ж. №104 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700016138>);

9. «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығы, ҚР Білім және ғылым министрінің 07.06.2022ж. №265 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272>);

10.«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.12.2022 ж. №533 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013317>);

11. «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500011716>);

12. «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2021 жылғы 11 қарашадағы №559 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.12.2022 ж. №492 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100025128>);

13.«Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 22.12.2022 ж. № 513 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200007495>);

14.«Мамандандырылған білім беру ұйымдарының желісін және дарынды балалармен жұмыс жөніндегі оқу-әдістемелік кеңес туралы ережені бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 1 шілдедегі № 428 бұйрығы, ҚР Білім және ғылым министрінің 02.02.2022 ж. №34 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31730757](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31730757));

15. «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.03.2023 ж. №68 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020317>);

16.«Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 3 қарашадағы №547 бұйрығы<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500010768>);

17.«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы №272 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 02.04.2020 ж. № 125 бұйрығы<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020292>);

18. «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021 ж. № ҚР ДСМ-76 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023890>);

19.«Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімшелеріне мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №122 бұйрығы<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013418>);

20.«Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығы, ҚР

Оқу-ағарту министрінің 27.08.2022 ж. № 384бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029446>)

21.«Үздік педагог» атағын беру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы №12 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 09.08.2022 ж. №355бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V15H0010279>);

22. «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №95 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 3.10.2022 ж. №415бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013420>);

23.«Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.12.2022 ж. №534бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013085>);

24. «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 12.10.2018 ж. №564 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 05.08.2022 ж. №350 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017553>);

25. «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы №18 бұйрығы, ҚР Білім және ғылым министрінің 31.05.2022ж. №251 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013067>);

26. «Жеңімпаздары, жүлдегерлері және оларды дайындаған педагогтер бюджет қаражаты есебінен біржолғы сыйақымен көтермеленетін жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың тізбесін бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №333 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028915>);

27. «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 бұйрығы, жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 17.08.2022 ж. № 371 бұйрығымен);

28. «Білім беру деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі басшылықты бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 23 маусым №292 бұйрығы [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=37431780](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37431780));

29. «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілерді және білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200027414>);

30. «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №4 бұйрығы) <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026618/compare>;

31. «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығы) <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026513/compare>.

## I БӨЛІМ. БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ ҚЫЗМЕТІ

Іс-шараның атауы	Мерзімі	Жауапты
<b>БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІ</b>		
<b>ТАМЫЗ АЙЫ</b>		
Оқу сыныптарын 2023-2024 оқу жылына жинақтау	Тамыз	ДОЖО
2023-2024 оқу жылына оқу үрдісі жөніндегі әдістемелік хатымен таныстыру. 2023-2024 оқу жылындағы оқу үрдісін ұйымдастырудың ерекшеліктері	Тамыз	ДОЖО
Оқу жұмыс жоспарын әзірлеу	Тамыз	ДОЖО
Оқу кабинеттерінің жаңа оқу жылына дайындығын тексеру	01.09. дейін	Бекітілген комиссия
Бірлестік жетекшілерін, сынып жетекшілерді, тәрбиешілерді бекіту	Тамыз	ДОЖО
2023-2024 оқу жылына мұғалімдердің оқу жүктемелерін бөлу	Тамыз	ДОЖО
Оқушылардың оқулықтармен қамтамасыз етілу деңгейін бақылау	Тамыз	ДОЖО, кітапханашы
<b>ҚЫРКҮЙЕК АЙЫ</b>		
Ұлттық білім беру деректер қорын жаңарту, толтыру	Қыркүйек	ДОЖО
